

Целиноград ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2010 жылғы 9 маусымдағы № 193/28-4 шешімі. Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 тамызда № 1-17-136 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 сәуірдегі № 253/38-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2011.04.28 № 253/38-4 шешімімен РҚАО - ның ескертпесі.

Қолданысқа енгізу тәртібін 5-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес Целиноград аудандық мәслихат Ш Е Ш Т І :

1. Целиноград ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілісін:

Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектеріне - бір жолғы, 10000 теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға (жасы кәмелетке толмаған бұрынғы концлагерь тұтқындарына, әскери интернационалистерге, Чернобыль атомдық электростанция апатын жоюға қатысушыларға) - 2000 теңге;

тыл еңбеккерлеріне - бір жолғы, 5000 теңге мөлшерінде;

«Целиноград ауданының құрметті азаматы» атағы берілген тұлғаларға – бір жолғы, 10000 теңге мөлшерінде;

барлық топтағы мүгедектерге – бір жолғы, 5000 теңге мөлшерінде;

туберкулез ауыруымен ауыратындарға – бір жолғы, 10000 теңге мөлшерінде;

аз қамтылған азаматтарға - бір жолғы, 5000 теңге мөлшерінде;

ауылдық жерде тұратын аз қамтылған және көп балалы отбасындағы колледж студенттерінің күндізгі бөлімінде оқу төлемақысын, білім беру мекемелерімен келісім-шарт негізінде оқу төлемақысының жылдық мөлшерінде; жасы кәмелетке толмаған бұрынғы концлагердің тұтқындарына коммуналдық

қызметтер үшін төлемге - ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
өмір сүру деңгейінен төмен (аз қамтылған отбасылар (азаматтар) табысы бар тұлғаларға – ай сайын 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
әлеуметтік қолдау сондай-ақ айрықшалық ретінде мүгедектерге, соғыс ардагерлеріне, кресло-арба, сурдо-тифлотехникалық құралдарын сатып алуға, санаторлы-курорттық жолдамаға, сондай-ақ өрттен және басқада төтенше жағдайларда зардап шеккендерге 10000 теңгеден 50000 теңге дейінгі мөлшерде көрсетіледі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2010.10.29 № 218/32-4 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен

2. Уәкілетті ұйым – «Целиноград ауданының жұмысымен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» мемлекеттік мекемесіне, Целиноград ауданының жоғарыда келтірілген мұқтаж азаматтарына әлеуметтік көмектің тағайындалуы мен төлеуін қамтамасыз етілсін.

3. Әлеуметтік көмек шығындарын қаржыландыру Целиноград ауданының бюджетінен «Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген әлеуметтік көмек» бағдарламасында қарастырылған қаражат есебінен жүргізілсін.

4. Көрсетілген қызмет төлемдері Қазақстан Республикасының Заңнамаларында белгіленген ретте, «Қазпочта» акционерлік қоғамы мен «Целиноград ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» мемлекеттік мекемесі арасындағы шарт бойынша жүргізілсін.

5. Осы шешім Целиноград ауданы әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және бірінші ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

| | |
|-----------------------------------|---|
| | <i>Целиноград аудандық мәслихатының сессия</i> |
| <i>төрағасы</i> | <i>И.Юрьева</i> |
| <i>мәслихатының хатшысы</i> | <i>Целиноград аудандық Б.Мәжіренов</i> |
| <i>«КЕЛІСІЛДІ»</i> | |
| <i>Целиноград ауданының әкімі</i> | <i>М.Мыңжанов</i> |
| <i>бастығы</i> | <i>Целиноград ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің А.Әшіров</i> |

«Целиноград ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы А.Ыбраева
«Целиноград ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы В.Скрипко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК